

КОРПОРАТИВНАЯ ПРОГРАММА «ПРОФЕССИОНАЛ ПУТИ» – ЭТО НЕ ТОЛЬКО ВКЛАД В РАЗВИТИЕ ДЕЙСТВУЮЩИХ РУКОВОДИТЕЛЕЙ, НО И ВДОХНОВЛЯЮЩИЙ ПРИМЕР ДЛЯ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ОТРАСЛИ.

Арман БУБИКАНОВ,
директор департамента пути и сооружений филиала
АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети»



№28 (3067)
15/04/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РАЗВИТИЕ ЛОГИСТИЧЕСКИХ МАРШРУТОВ ОБСУДИЛИ В МИНСКЕ

В Минске прошла III Международная грузовая конференция «2025. Железнодорожная логистика: актуальные задачи развития».

Мероприятие собрало представителей более 20 стран Евразии, чтобы обсудить важнейшие вопросы развития железнодорожной логистики, функционирования международных транспортных коридоров и эффективного взаимодействия между государственными и частными структурами в условиях глобальных изменений и вызовов.

От Казахстана в мероприятии принял участие директор департамента маркетинга и внешних связей АО «KTZ Express» Олжас Сагимбеков. В своем выступлении он подчеркнул, что Казахстан продолжает активно развивать инфраструктуру для поддержки транспортных маршрутов, связывающих страны Европы и Азии. Особое внимание было уделено ключевым направлениям – Север – Юг и Трансафганскому коридору, которые являются важными звеньями в международной транспортной логистической цепочке, способствуя не только увеличению объемов грузоперевозок, но и укреплению экономических связей между Казахстаном, Европой и Азией.

Развитие логистических маршрутов является важной частью стратегии Казахстана по усилению своей позиции в международной транспортной сети. Мы уверены, что тесное сотрудничество с нашими международными партнерами позволит значительно улучшить эффективность транспортных операций, а также снизить время доставки грузов, – отметил спикер.



Одной из главных тем конференции стали вопросы, связанные с адаптацией транспортной отрасли к новым условиям мировой экономики, внедрением инновационных технологий, таких как цифровизация транспортных процессов, использование искусственного интеллекта для прогнозирования логистических потребностей, а также развитие «умных» станций и системы автоматизированного контроля.

Не остались без внимания и вопросы экологической устойчивости транспортных систем. Участники конференции обсудили пути снижения углеродного следа транспортных компаний, внедрение экологически чистых технологий и

более эффективное использование ресурсов. Актуальными темами стали «зеленые» технологии для железнодорожного транспорта, улучшение качества транспортных услуг с учетом потребностей в более экологичных и устойчивых перевозках.

Одним из важнейших факторов, о которых говорили на конференции, стало значение международного сотрудничества в транспортной логистике. Все участники форума подчеркнули, что развитие глобальных транспортных коридоров невозможно без тесного взаимодействия между государствами, частными компаниями и международными организациями.

Асель ШАЙХЫНОВА

КОЛІК МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ



Өткен аптада Мемлекет басшысы Кәлік министрі Марат Қарабаевты қабылдады. Салалық ведомство басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа министрліктің бытыр атқарған жұмысының қорытындысы туралы есеп беріп, алдағы кезеңге арналған жоспарын таныстырды.

Министр өткен жылы көліктің барлық түрі бойынша тасымал көлемі 6% өскенін жеткізді. Транскаспий халықаралық көлік дәлізі арқылы өтетін жүк тасымалы 4,5 млн тоннаны құраған. Қарағанды – Алматы, Талдықорған – Өскемен, Ақтөбе – Қандыағаш және Атырау – Астрахан тас жолдарын жаңғырту аяқталып, барлығы 12 мың шақырым жол жөнделген.

– Теміржол көлігі арқылы да 21 млн жолаушы тасымалданып, өсім 3,9% құрады. Алдағы уақытта 125 теміржол бекетін, вокзалдарды жаңғырту жұмыстары қолға алынады. Бүгінгі таңда салада 5 ірі инфрақұрылым жобасы жүзеге асырылып жатыр, – деді министр.

Президент қазақстандықтардың жол жүруіне анағұрлым қолайлы жағдай жасау, туристік нысандарға қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет екенін атап өтті. Ол Орталық – Батыс автожолының құрылысын жеделдетуді, Батыс Еуропа – Батыс Қытай дәлізін кеңейтуді, Транскаспий халықаралық көлік маршрутын дамытуға ерекше назар аударуды, ішкі және халықаралық әуе рейстерінің санын көбейтуді, көлік секторына инвестиция тарту жұмысын күшейтуді тапсырды. Сонымен қатар көлік-логистика саласын өркендетудің, сондай-ақ көлік инфрақұрылымын жаңғырту жобаларын сапалы әрі уақытылы жүзеге асырудың маңызын атап өтті.

Ұлан ОРАЗ

ПОГРУЗКА ВЫРОСЛА



Объем погрузки на сети ҚТЖ в первом квартале 2025 года достиг 64,2 миллиона тонн, что на 4,4% превышает показатель того же периода прошлого года.

Большая часть из этого объема – 41 миллион тонн – пришлась на внутренние перевозки. Экспорт вырос на 12% и составил 23,2 миллиона тонн.

Среди ключевых позиций – каменный уголь, которого за квартал было погружено 26,7 миллиона тонн, что на 1,4% выше аналогичного периода прошлого года. Внутренние потребности в твердом топливе полностью удовлетворены. Экспорт угля вырос на 16,2% – до 7,5 миллиона тонн.

Значительный прирост зафиксирован и по зерну: погрузка увеличилась на 48,7% по сравнению с прошлым годом и достигла 3,6 миллиона тонн. Из них 2,8 миллиона тонн – экспорт, что на 52% выше показателя 2024 года.

Увеличилась также погрузка нефтяных грузов – на 3,4%, до пяти миллионов тонн, черных металлов – на 11,4%, до 1,1 миллиона тонн, химических удобрений – на 19,6%, до 1,2 миллиона тонн, и строительных материалов – на 4,6%, до 2,8 миллиона тонн.

Любовь РОВБА

РЕЛЬСЫ ДЛЯ LRT



Со станции Достык на станцию Сороковая прибыло 742 тонны рельсов, предназначенных для строительства легкорельсового транспорта в городе Астане.

В конце марта 2025 года на станцию Достык с территории Китая прибыло 64 вагона с рельсами, предназначенными для строительства легкорельсового транспорта (LRT) в городе Астане. Поставка является частью подготовки к завершению укладки рельсовых путей на эстакаде LRT.

Экспедирование груза по территории Казахстана осуществляет АО «Кедентранссервис». Отправителем с китайской стороны выступает компания China Railway Asia Europe Construction Investment Co. Ltd.

Со 2 апреля на станции Достык начались перегрузочные работы: рельсы перегружаются с вагонов узкой колеи на вагоны широкой колеи. Все работы выполняются на специализированной площадке Кедентранссервис на станции Достык.

Поставка рельсов – важный этап реализации проекта LRT, направленного на развитие транспортной инфраструктуры столицы.

Айлин БАУРЖАН

Сервис

ЖАЗҒЫ ТАСЫМАЛҒА ДАЙЫНДЫҚ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ жазғы тасымалға дайындық үстінде. Компанияның техникалық парктерінде жолаушылар вагондарын жазғы маусымға дайындау жұмыстары тәулік бойы жүргізілуде.



Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ,
Астана

Ұлттық тасымалдаушы жолаушылардың сапарын барынша жайлы әрі қауіпсіз ету мақсатында жазғы тасымал науқанына тыңғылықты дайындық жүргізуді жолға қойған. Регламентке сәйкес вагонның астындағы жабдықтар мен дөңгелектерді жоспарлы тексеру, вагондардың сыртын жуу және жүріс бөліктерін тазалау, тамбурлар мен тұтқаларды ішінара сырлау жүргізіледі. Одан бөлек терезелер толық тазаланып, ондағы резеңке таспалар мен тығыздағыштар ауыстырылады. Тексеру

жұмыстары барысында барлық ақаулар жойылады.

Пойыз бригадасының жұмысшылары вагондардың едені, төбесі, үстелдердің үсті, жататын, отыратын орындар мен айна-әйнек, терезелердің беттері санитарлық және дезинфекциялық өңдеуден өтеді. Дезинфекция санитарлық ережелерге сәйкес себу, тозандандыру және препараттармен сүрту әдісімен жүзеге асырылады.

Пойыз бригадасының қызметкерлері маскалар, қолғаптар, антисептиктер секілді жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі және әр сапар алдында

қызметкерлер ауысым алдындағы медициналық тексеруден өтуі міндеттелген. Өндірістік персонал үшін тұрақты негізде қауіпсіздік шараларын сақтау, алғашқы медициналық көмек көрсету және қызметтік әдеп нормаларын сақтау бойынша нұсқамалар жүргізіледі.

Қазіргі таңда елімізде жолаушылар пойыздары 130 бағыт бойынша жүреді. Соның ішінде 99 бағытты «Жолаушылар тасымалы» АҚ қамтамасыз етсе, қалған 31 бағытта 14 жеке тасымалдаушы компания қызмет көрсетеді. «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның қолданыстағы паркі 2 168 вагонды құрайды.

КАСПИЙ ТЕҢІЗІ ТАҒЫ БІР КЕМЕМЕН ТОЛЫҚТЫ



ТұСАУКЕСЕР

Қарт Каспий теңізінде отандық тағы бір кеме жалауын көтерді. Өткен аптада Құрық портында орын алған айтулы оқиғада Саржа терминалының айлағынан құрғақ жүк таситын жаңа кеменің тұсауы кесілді.



Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Бірлескен қазақ-араб кеме кәсіпорны басқаратын бұл су көлігі қазақстандық мемлекет және қоғам қайраткері Нәсіпқали Марабаевтың атын иемденген.

«Нәсіпқали Марабаев» кемесі заманауи құралдармен жабдықталған, құрғақ және жалпы жүктерді тасымалдауға арналған. Оның жүк көтергіштігі – 7000 тонна, ұзындығы – 136 метр, биіктігі – 7 метр.

«Аталған жаңа су көлігінің тұсаукесері барысында бірлескен кеме кәсіпорнын ашқан қазақстандық «Semurg Invest» пен «Freeseas Container

Shipping» компаниялары Каспий теңізінде жаңа кемелерге инвестиция тарту туралы меморандумға қол қойды. Кемелердің санын 6 бірлікке дейін арттыру жоспарлануда», деп хабарлады порттың баспасөз қызметі.

Жалпы, кешегі апта Құрық портымен қатар Ақтау теңіз сауда портының тарихында да елеулі оқиғалармен есте қалды. Портқа Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің және көлік пен энергетика саласындағы консультациялық қызметтерге маманданған CPC

Transcom Limited инфрақұрылым жөніндегі канадалық консалтингтік компанияның өкілдері келді. Порттың баспасөз қызметі таратқан мәліметке сүйенсек,



CPCS Transcom Ltd бұдан әрі инвестициялау үшін Орталық Азиядағы трансшекаралық қосылу жобаларын анықтау және олардың қаржылық тартымдылығын егжей-тегжейлі бағалау үшін Қазақстанды қоса алғанда, іске асыру туралы мәселені қарау мақсатында зерттеулер жүргізеді. Басымды жобалар қатарында Каспий теңізі деңгейінің төмендеу салдарын жеңілдету үшін Қазақстан порттарында жоспарланған түбін тереңдету жұмыстары бар.

Сонымен қатар Литвадағы Клайпеда портының делегациясы да Ақтау портында болып, қызметімен танысты. Айта кетсек, Клайпеда – Балтық

жағалауындағы ең үлкен терең теңіз порты және жылына 70 миллион тонна жинақталған 33 порт терминалын қамтитын порт.

«Сондай-ақ Нидерланды дипломатиялық корпусы мен негізгі компаниялары басшылары да іссапармен Ақтау портына келіп, ТХКБ мүмкіндіктеріне қанықты. Басқосу барысында ТХКБ дәлізінің даму бағыттары, Каспий арқылы Еуропа мен Азия арасындағы тауар айналымының өсу перспективалары сөз болып, алдағы болжамдар айтылды», деп хабарлайды порттың баспасөз қызметі.

Сурет Құрық портының баспасөз қызметінен алынды



Асқар УТЕСИНОВ,
Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясының бас инженері:

БЫЛТЫР ДИСТАНЦИЯНЫҢ 280, 252, 16-ШАҚЫРЫМДАРДАҒЫ ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛДЕРІНДЕ БЕЛГІ БЕРУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСARTU ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ. ЛИНЗАЛАР ЖИЙНТЫҒЫ ЖАРЫҚДИОДТЫ МОДУЛЬДЕРГЕ АУЫСТЫРЫЛДЫ. БЕЛГІ БЕРУ-БАЙЛАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЖАҚSARTU БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР ӨЗГЕ НЫСАНДАРДА ДА ЖАЛҒАСЫН ТАУЫП, БҮГІНДЕ КӨРСЕТКІШТЕР АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖАҚSАРДЫ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С 14 АПРЕЛЯ 2025 ГОДА ВО ВСЕХ РЕГИОНАХ СТРАНЫ НАЧАТЫ РАБОТЫ ПО МОДЕРНИЗАЦИИ И РЕКОНСТРУКЦИИ

125

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ
ВОКЗАЛОВ.

БОЛЕЕ

67 млн тонн

УГЛЯ ПЕРЕВЕЗЕНО ПОЕЗДАМИ ЗА ОТОПИТЕЛЬНЫЙ СЕЗОН 2024-2025 ГОДА.

БОЛЕЕ

50

НАЧАЛЬНИКОВ ДИСТАНЦИЙ ПУТИ ПРОШЛИ ОБУЧЕНИЕ В РАМКАХ КОРПОРАТИВНОЙ ПРОГРАММЫ РАЗВИТИЯ «ПРОФЕССИОНАЛ ПУТИ».

ЖЕТІ ВОКЗАЛ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе



Қызмет бабымен Ақтөбе облысына келген Көлік вице-министрі Сәтжан Абдалиев жергілікті халықпен кездесіп, салада жасалып жатқан жұмыстармен, алдағы жоспарлармен бөлісті.



Көлік министрлігі тарапынан қызмет көрсетуді жақсартып, жолаушыларға барынша қолайлы жағдай жасауға көңіл бөлініп отыр. «Теміржол саласын дамыту министрліктің тұрақты назарында. Былтыр жолаушылар тасымалы 7 пайызға өсті. Барлығы 20 млн жолаушы тасымалданса, оның миллионға жуығы Ақтөбе облысына тиесілі. Жолаушыларға қызмет көрсететін вокзал жағдайына келсек, елімізде көп жылдан бері жөндеу көрмей тоза бастаған вокзалдар көп. Соған байланысты министрлік үкімет қолдауымен үлкен шараны қолға алды. Республика бойынша 125 вокзалдың жөндеу жұмысын бір мезгілде бастап, бір жылда аяқтау жоспарланып отыр», – деді Сәтжан Абдалиев.

Айтуынша, жөндеу жұмыстары алдағы аптада басталады. Оның ішінде Ақтөбе облысы бойынша 7 вокзал тізімге еніпті. Олар – Қандыағаш, Жем, Қарауылкелді, Алға және Шұбарқұдық вокзалдары.

Вице-министр жолаушылар тасымалына байланысты вогондардың ескілігі, билеттердің тапшылығы, т.т. сауалдарға да жауап беріп, 2030 жылға дейін жолаушы вагондарын жаңартуды 80 пайызға жеткізу жоспары бар екенін жеткізді.

«Қазір жолаушылар тасымалында екі мыңнан астам вагон болса, оның 42 пайызы ескірген, болмаса жасы 30-40 жылдан асқан вагондар. Оны жаңарту бір күнде, бір жылда бола қоймайды, кезең-кезеңімен ауыстырылады. Елімізде вагон шығару зауыттары іске қосылып жатыр. Петропавлда вагон өндірісі жолға қойылды, Астанада неміс компаниясы құрылысын бастап жатыр», – деді вице-министр.

Министрліктің мәліметінше, Ақтөбе – Алматы, Ақтөбе – Атырау бағытына қатынайтын жолаушы пойыздары алдағы уақытта жаңа вагондармен толықтырылады.

ТЕМІРЖОЛШЫ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау



Жұмысшы мамандықтары жылы аясында Ақтау АІТ көлік колледжінде Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы Нәжімеден Ғұбашовпен кездесу өтті.



Еркін форматта өткен басқосу барысында білім ордасының студенттері өздерін қызықтырған сұрақтарды қысылмай қойып, болашақ мамандықтарына қатысты өздерін толғаңдыратын сауалдарға жауап алды. Ел экономикасында айрықша рөл атқаратын теміржол саласына жастардың қызығушылығын арттырып, мамандар дайындауда мұндай кездесулердің маңызы зор екенін атаған колледж басшылығы студенттерді бөлімше бастығының еңбек жолымен таныстырды. Уақыт бөліп жастармен кездесіп отырған теміржол басшысына алғыс айтты.

Нәжімеден Ғұбашов өзінің ең төменгі лауазымнан басталған саладағы еңбек жолы, бүгінгі дәрежеге жетер жолдағы еңсерген кедергілер мен қиындықтар, жылдар бойғы жинаған тәжірибесі мен жетістіктері жайлы әңгімеледі. Теміржол тасымалының тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыру жолында бөлімше ұжымы қолға алған шаралар мен өндірісті модернизациялау, жетілдірулер жайлы да сөз қозғап, студенттердің сала тынысы жайлы білімін кеңейте түсті. Теміржол инфрақұрылымын дамыту, жаңа технологияларды енгізу және жұмыс процесін оңтайландыру бағытында қолға алған бастамалары, көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту бойынша жүргізілген жұмыстарды жастар қызығып тыңдады. Бөлімше басшысы «ҚТЖ» ұлттық компаниясындағы жас мамандарды қолдау, дамуына септік ететін жобалармен де таныстырды.

– Қызығы мен шыңығы қатар жүретін теміржол саласында еңбек ету әркімнің маңдайына жазылмаған және екінің бірінің қолынан келе де бермейді. Теміржолшы деген абыройлы атқа табан ақы, маңдай термен талай сынақтарды еңсеріп, өз кәсібіне шын берілген жандар ғана ие болмақ. Сондықтан теміржолшы болам десеңдер мақсаттарыңнан таймай, тек алға ұмтылыңдар, – деді Нәжімеден Бақтығалиұлы жастарға.

Суретті түсірген автор

МЕРЕЙЛІ МАҚСАТ ЖОЛЫНДА

Еңбек адамына құрмет – елге құрмет. Темір жол – тіршіліктің күретаымыры десек, сол «тамырдың» үзілмей, өз функциясын мінсіз атқаруы осы салада тынымсыз еңбек етіп жүрген теміржолшылардың еңбегіне байланысты. Ал ақ-адал еңбекке құрмет көрсетіп, марапат жасау – ізгі қадамның бірі.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінде өткен салтанатты жиында теміржол саласына ұзақ жылдар бойы адал да абыройлы қызмет еткен еңбек адамдарының мерейі өсіп, мәртебесі биіктеді.

Қазақстанның теміржол саласы-ғасырдан астам тарихы бар, ұлттық экономика мен қоғамдық өмірдің күретаымырына айналған маңызды құрылым. Бұл жиында аймақ теміржолын дамытуға үлес қосқан теміржолшылар марапат төріне шығарылып, құрметке бөленді.

Бөлімше директоры Ербол Саулебеков өздерінің үздік қызметімен, қажырлы еңбегімен отандық теміржолдың табысына сүбелі үлес қосып келе жатқан аймақ теміржолшылары қандай құрметке де лайық екенін жеткізді.

– Темір жол – жай ғана көлік жүйесі емес, бұл – ұлт дамуының, өндірістің, ел ішіндегі өзара байланыстың темірқазығы. Сондықтан 120 жылдық мерейтой тек теміржол инфрақұрылымының өлшемі емес, оны дамыту, өркендеткен мыңдаған теміржолшының ерен еңбегінің көрсеткіші. Сіздердің көзге көріне бермейтін тынымсыз тірліктеріңіз, әрдайым елене бермейтін адал еңбектеріңіз

арқылы бүгінгі таңда теміржол саласы үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Жаңа жобалар мен инфрақұрылымдық жаңғыртулар жүзеге асырылып, кадрлық әлеуетті нығайту мен әлеуметтік қолдау бағытында орасан зор жұмыстар жүріп жатыр. Жобалары мен еңбек адамын марапаттау шаралары да ерекше қарқын алып отыр. «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевтың бастамасымен теміржолшылар еңбегін бағалаудың жаңа жүйесі енгізіліп, марапаттар саны артып отыр. Біз сіздермен мақтанамыз. Марапат – ықылас пен құрметтің белгісі, – деген бөлімше басшысы бір топ сала майталмандарын «Теміржол саласына сіңірген еңбегі үшін», «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен және «Қазақстан темір жолына 120 жыл» мерейтойлық медалімен марапаттады.

Жиында құрметке бөленген жандардың бірі – Шиелі өрт сөндіру пойызының бастығы Садық Арнауыт. Ол бұл салада 25 жылдан астам табанды еңбек етіп, үлкен беделге ие болған. Міне, бүгін бейнеттің зейнетін көруге бет бұрған ардагердің иығына шапан жабылып, ерекше құрмет көрсетілді. Ардагер өз сөзінде «теміржолшы болу – жүрекпен сүйетін кәсіп иесі атанып, ел экономикасына қызмет ету» деді.



Жиында сонымен қатар түрлі марапатқа ие болып, мерейі өскендер қатарында бөлімше бастығының орынбасары Нұрлан Бимұратов, инженерлер Арман Жиенбаев пен Бақытжан Абрахманов, ШЧЗ Жанболат Досжанов, ЭЧ Алпамыс Сагимов, Бекзат Фаизов, Бейбіт Ділдабаев, Айгерім Дәулетбаева, Асылхан Төлепбергенов сынды аймақ теміржолының айтулы тұлғаларына айналған майталмандар болды.

Алғашқы тоқсанның өндірістік көреткіштері жария етіліп, алдағы тоқсанға жоспар түзген жынн осылай, ұжымдық бірлікті нығайтатын, кәсіби сабақтастықты жалғастыратын маңызды рухани алаңға айналды. Бұл жас буынға бағыт, аға буынға құрмет, орта буынға серпін берері сөзсіз.

Суретті түсірген автор

КӨКТЕМГІ БАЙҚАУ БАСТАЛДЫ



АЙМАҚ

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау

Сондай-ақ теміржолшылардың білім мен біліктілігі, жеке мәселелері, проблемалары да қаралады.

«Комиссия мамандарымен қамтылған тексеріс арнайы локомтив арқылы жүзеге асырылмақ. Алғашқы екі күн қала басындағы станциялар мен ВЧДЭ-1, ТЧЭ-1, ШЧ-8, ПЧ-9, ЭЧ-4, вокзал, отын қоймасы нысандары қаралып, содан кейін Д.Нұрпейсова, Ганюшкино, Исатай станцияларындағы барлық мекемелер жұмысы қаралады. 21-22 күндері қаладағы нысандар, содан соң Сағыз – Мақат, Мақат – Құлсары телімдері бойынша басталып, Махамбет, Атырау, Ақжайық, Теңдік станциялары, телімдердегі жол, сигнализация, энергиямен қамту дистанциялары, вагон, локомтив деполары, т.б. нысандар қаралады. Сол жерлерде



талқылау жұмыстары да жүргізіледі», – дейді техникалық бөлім бастығы Әзиз Айжарықов.

Бөлімше бойынша биылғы жылдың алғашқы тоқсанында пойыз және маневрлік жұмыстарда өндірістік жарақат алу болмаған. Пайдаланым көрсеткіштерін орындау бойынша нәтижелер жақсы деңгейде келе жатыр. Бұған дейін құрылымдық бөлімдердің өз ішінде көктемгі тексеруге дайындық деңгейі,

пойыздық және маневрлік жұмыстарда ақау, өндірістік жарақат алу жағдайы, қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың жағдайы, ғимараттардың жай-күйі, абаттандырылуы, жұмысшылардың тәртібі қаралған. Ол тексерулерде байқалған кемшіліктер арнайы комиссиямен осы айдың 14-не дейін қаралады. Сосын мамыр айының ортасына қарай жалпы

қорытынды жиын өтпек.

Айта кетерлігі, көктемгі комиссиялық байқау құрамы мен жұмыс кестесі Атырау Жүк тасымалы және Магистральдық желі бөлімшелерімен және аймақтық бас ревизормен бекітіліп, мөрленген. Комиссия төрт бағытта жұмыс істейді, олар Атырау – Ганюшкин телімі, Атырау – Құлсары – Бейнеу, Құлсары – Сағыз және Атырау – Мақат телімдері бойынша 14 сәуір мен 6 мамыр аралығында бойы тексеріс жүргізеді. Әуелі Ресейдің Астрахань облысымен шекаралас Д.Нұрпейсова станциясынан басталып Атырауға дейінгі станция-разъездер, содан соң аталған басқа бағыттарда жұмыс жүргізілетін болады. Комиссия құрамы Атырау магистральдық желі бөлімшесінің бастығы А.Қосымбаев, жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы А.Базарғалиев, бас ревизор Ж.Көбеев және бөлімшедегі инженерлер, жетекші мамандар мен сала мамандарымен қамтылған.

Суретті түсірген автор

АЙЫППҰЛ МӨЛШЕРІ АРТТЫ



ҚАУІПСІЗДІК

Ислам ТАЛҒАТ, Астана

Ендігі жерде жол ережесін бұзушыларға салынатын айыппұл мөлшерінің өсуі қауіпсіздіктің сақталу деңгейін арттырады деген үміт бар. 2025 жылғы 10 қаңтарда ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойғаны белгілі.

Таратып айсақ, 559-бапқа сәйкес айыппұл санкциялары келесі іс-әрекеттерге қатыс - ты күшейтілген. Айталық, ат арба немесе шаналардың жүру және темір жол арқылы жануарларды өткізу қағидаларын бұзу, сондай-ақ темір жолға бөлінген белдеуде мал жайған жағдайда – (2025 жылға АЕК 3 932 теңге болған кезде) айыппұл 5 АЕК

Темір жол – қауіптілігі жоғары аймақ екенін теміржолшылар құқық қорғау органдары өкілдерімен бірлесіп, халық арасында және көлік жүргізушілеріне түсіндірумен келеді. Десек те, бұл үгіті-насихат жұмыстарына құлақ аспайтындар әлі де жетерлік.



немесе 19 660 теңгені құрайды. Осы бапта ескерту бойынша әкімшілік жаза алынып тасталынған. Сондай-ақ бір жыл ішінде қайталанған құқық бұзушылық үшін айыппұл 10 АЕК (39 320 теңге) құрап отыр.

Белгіленбеген орындарда темір жолды кесіп өту айыппұлы 3 АЕК (11 796 теңге) құрап отыр. Егер бұл іс-әрекет бір жыл ішінде қайталанған жағдайда айыппұл 5 АЕК немесе 19 660 теңгені құрамақ. Бұл жазалау шарты заң бірінші рет енгізіліп отыр. Мұнда да ескерту ретінде әкімшілік жаза алынып тасталынған.

Темір жолдағы өзекті мәселенің бірі – бұл өткелде орын алып жататын жол-көлік оқиғалары. Бұл өз кезегінде пойыздарды шұғыл тежегіш қосып тоқтатуға әкеледі. Жол-көлік оқиғаларына негізгі себеп автокөлік жүргізушілерінің ескерту белгілері мен сиг-

налдарды елемей, қауіпсіздік қағидаттарын өрескел бұзуы болып отыр.

Осыған байланысты 607-бапқа сәйкес, өткелден тыс жолдарды кесіп өткен жағдайда жабық шлагбаум немесе тыйым салу сигналы жанып тұрғанда өткелге шықса, сондай-ақ өткелде тоқтауды қоса алғанда, теміржол өткелдерінің жүру ережелерін бұзғаны үшін айыппұл екі есеге 20 АЕК-ке, яғни 78 640 теңгеге дейін ұлғайтаған.

Мамандар бұл тапта алғаш рет жол ережесін бұзу көлік құралдарына немесе мүлікке зақым келтірген жағдайда тоғыз айға дейінгі мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыру жазасы енгізілгенін айтып отыр. Иә, айыппұл мөлшері өсті. Ендігі жерде ереже бұзатындар саны да азаяды деген үміт бар.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ОН НЕ ПРОСТИТ ДАЖЕ КОФЕ



Не так, как раньше, проходит предсменный и послесменный осмотр в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22). Тонометр, градусник, ручной алкотестер заменил новый цифровой аппарат, от которого не скрыть, что ты не выпался, недавно выпил кофе или кое-что покрепче.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Примерно за минуту этот «агрегат» отсканирует важные показатели здоровья работников по зрачкам и с присущей машины хладнокровием решит: «допустить – не допустить».

– Согласно Трудовому кодексу РК и Коллективному договору, все занятые на работах, связанных с повышенной опасностью, машинами и механизмами, должны проходить предсменное и послесменное медосвидетельствование. Такой



медосмотр в депо проходят машинисты и их помощники, слесари, – объясняет начальник сектора труда и экологии ТЧЭ-22 Канат Ма-

кашев. – Конечно, не будет допуска к работе, если у человека плохие показатели, или он находится в алкогольном или наркотическом опьянении. При этом за этого человека пройти цифровую диагностику на аппарате АСМО никто другой не сможет. Данные каждого из наших работников регистрируются в базе, перед медосмотром по фотографии прибор определяет, что пришел именно он.

Медсестра ТЧЭ-22 Назигуль Нуржанова рассказала, что новым оборудованием в депо пользуются около полутора месяцев.


При мне аппарат быстро проверил здоровье помощника машиниста локомотива Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Замира Жидкеева.

– У Замира все показатели в норме, все идеально. Видите, на мониторе – зеленая галочка? Даю ему разрешение на поездку, – говорит Назигуль Нуржанова.

Но примерно за полчаса до того, как прийти на цифровую диагностику, не стоит курить, употреблять содержащие кофеин напитки, выполнять физические упражнения – повысится артериальное давление и аппарат покажет, что человек готов, скорее, к отпуску, чем к работе.

Фото автора

СБЕРЕЧЬ САМОЕ ЦЕННОЕ – ЖИЗНЬ



С начала года нарушений безопасности движения поездов по Уральско-му региону по вине железнодорожников не допущено, однако бдительность терять нельзя. Такова резолюция заседания координационного совета под эгидой Уральского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП» при подведении итогов работы всех причастных предприятий за первый квартал 2025 года в сфере обеспечения безопасности движения поездов.

Анна МАРЬИНА,
Уральск

В нем приняли участие представители РГУ «Инспекция транспортного контроля по Западно-Казахстанской области», линейного отдела полиции по станции Уральск, ревизорского аппарата департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» на Уральском участке, Уральского эксплуатационного вагонного депо, Уральской дистанции пути, Уральского эксплуатационного локомотивного депо, ВЖДО и других причастных организаций, начальники станций Уральск, Жилаево, Казахстан.

Анализ состояния безопасности движения поездов по Уральскому региону за первый квартал 2025 года показал, что наездов на людей, скот, ДТП на переездах по вине железнодорожников не допущено. Зафиксирован один случай наезда на пешехода в неустановленном месте и один случай ДТП не по вине железнодорожников.

Регулярно ведется профилактическая работа с населением по предупреждению выхода посторонних людей и скота на станционные пути. В частности, по станциям Таскала, Переметная,

Белес, Кардон, Деркул, Уральск-Товарная, Уральск, Жилаево, Пойма, Алгабас, Казахстан, Амангельды, Шынгырлау с жителями, проживающими вблизи железнодорожных путей, проведено 15 встреч с общим охватом 227 человек. В учебных заведениях с начала года проведено 11 бесед с охватом боле 630 учащихся. Проведено совместных с ЛОП и ВЖДО 12 рейдов, в ходе которых раздавались памятки, а также выявлено восемь нарушителей, с которыми проведены беседы с предупреждением.

Помимо этого, на вокзале станции Уральск круглосуточно демонстрируется видеоролик на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности», на территориях станций Уральск, Жилаево, Казахстан установлены дополнительные предупреждающие аншлаги об опасности выхода на железнодорожные пути в неустановленных местах. В средствах массовой информации от районного до республиканского уровня опубликовано девять материалов о принятых мерах по предупреждению выхода посторонних людей на железнодорожные пути.

При обсуждении совместных мероприятий оперуполномоченный группы криминальной

полиции ЛОП на станции Уральск старший лейтенант полиции Жангалы Турекешев предложил увеличить число работников ВЖДО в парке станций.

В своем выступлении замдиректора по Уральскому региону филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП» Еркен Сахтанов отметил, что с начала года повреждения грузовых вагонов в результате сходов на подъездных путях не допущено. Он напомнил о важности своевременного выявления нарушений безопасности движения поездов составителями поездов и своевременного устранения этих замечаний, а в случае игнорирования ветвеладельцами подъездных путей данных замечаний направлять письма в адрес инспекции транспортного контроля.

В свою очередь главный специалист ИТК Асылбек Сагубаев напомнил законодательные акты Республики Казахстан в сфере железнодорожного транспорта, а также разъяснил основные пункты по нарушению требований безопасности движения. Совместная работа по выполнению Плана мероприятий по предупреждению выхода посторонних людей на станционные пути продолжается.

УВЕЛИЧИВАЯ ПРОПУСКНУЮ СПОСОБНОСТЬ



КТЖ приступит к модернизации участка Алтынколь – Жетыген в текущем году.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Руководство АО «НК «КТЖ» провело выездное совещание в Алматы по вопросам реализации инфраструктурных проектов в регионе.

В ходе совещания обсуждены вопросы увеличения пропускной способности железнодорожного участка Алтынколь – Жетыген

протяженностью 293 километра. Предусмотрено строительство вторых путей и новых разъездов, развитие станций. Реализация проекта позволит раскрыть потенциал транспортного коридора между Китаем и Центральной Азией, а также даст импульс социально-экономическому развитию региона.

Приступить к модернизации участ-



ка компания планирует в этом году. Кроме того, полным ходом и в обозначенные сроки идет строительство железнодорожной линии в обход станции Алматы. На сегодняшний день практически готово земляное полотно под укладку нового пути.

На производственных базах собрано 74 километра рельсошпальной решетки. По графику идут работы по строительству мостов и установке труб. Завершить проект планируется в текущем году.

Фото автора

ИСКРА МОЖЕТ ОБОЙТИСЯ БЕДОЙ



Алматинская негосударственная противопожарная служба ведет систематическую и планомерную работу, направленную на обеспечение пожарной безопасности.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Погода в Алматинской области остается весьма непредсказуемой. Перепады температуры, сильные ветра и сухость воздуха создают благоприятные условия для возникновения природных пожаров. В связи с этим возрастает пожарная безопасность, особенно в степных и лесных районах. Работники негосударственной противопожарной службы всегда находятся на чеку, особенно в период пожарной опасности. Руководством отряда направлено 12 писем акима Алматинской и Жетысуской области с просьбой о проведении совместных круглых столов, конференций с участием поселковых акиматов, при участии ДЧС, ДВД, железнодорожных служб и руководителей крестьянских хозяйств. Также о проведении оперативных заседа-



ний комиссии по чрезвычайным ситуациям с выработкой мероприятий по обеспечению необходимого уровня противопожарной защиты лесных, степных территорий и повышению уровня готовности служб к ликвидации пожаров.

В целях предупреждения пожаров и обеспечения надлежащего уровня пожарной безопасности командно-инструкторским составом проводятся регулярные проверки полосы отвода и лесозащитных насаждений. Обследование осу-

ществляется с проездом на локомотиве, что позволяет эффективно контролировать протяженные участки железнодорожной инфраструктуры. Особое внимание уделяется состоянию растительности, наличию мусора и соблюдению противопожарных норм вдоль маршрута. Эти меры направлены прежде всего на снижение рисков возгораний и обеспечение безопасности движения. Также проводится работа по проверке локомотивного хозяйства и пассажирских поездов

в противопожарном отношении на выброс искры, золы и сигарет в ночное время суток.

– Важно помнить о соблюдении элементарных правил пожарной безопасности – не разводить костры, не оставлять горящие спички, окурки, ведь одна искра может обернуться бедой, – говорит заместитель Алматинской негосударственной противопожарной службы Нурсалим Мамутов.

С целью профилактики и повышения готовности к чрезвычайным ситуациям совместно с департаментом ЧС проводятся пожарно-тактические учения. В рамках тренировок отрабатываются действия личного состава при различных сценариях возгораний, проверяется слаженность взаимодействия между службами и эффективность задействованной техники. К примеру, недавно на станции Достык бойцы показали свои профессиональные навыки. На учениях был выработан алгоритм действий всех причастных служб, боевое развертывание, отработка навыков работников по тушению пожара, а также оценена физическая подготовка и морально-волевые качества личного состава и оперативные действия всех причастных служб.

Фото автора

ПРОГРЕСС НЕПОКОЛЕБИМ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



В Костанайском отделении грузовых перевозок продолжают наращивать объемы контейнерных перевозок.

За три месяца 2025 года по Костанайскому отделению ГП погружено 5 043 фитинговые платформы, или 9 804 контейнера. Из них сформировано 154 организованных маршрута.

К уровню прошлого года погрузка увеличена на 2 225 контейнеров. Так, за три месяца 2024 года погружено 2 549 фитинговых платформ, или 4 911 контейнеров.

Как сообщил начальник отдела логистики Костанайского отделения ГП Кенес Дюсекеев, в нынешнем году погружено зерновых культур 584 фитинговые платформы, или 998 контейнеров. Из них сформировано 16 организованных маршрутов. Продуктов перемола – 3 593 фитинговые платформы, или 7 148 контейнеров. Из них сформировано 116 организованных маршрутов.

– К уровню прошлого года погрузка в контейнерах увеличена на 4 526 контейнеров, или на 173%. Так, за три месяца 2024 года продуктов перемола в контейнерах погружено 1 353 фитинговые платформы, 2 622 контейнера, из них сформировано 38 организованных маршрутов, – отметил он.

На станции Житикара асбеста погружено 597 фитинговых платформ, или 1 164 контейнера. К уровню прошлого года погрузка увеличена 964 контейнера. Так, за три месяца 2024 года асбеста в контейнерах погружено 123 фитинговые платформы, или 200 контейнеров, из них было сформировано четыре организованных маршрута. Наконец, комбикорма с начала текущего года было погружено 269 фитинговых платформ, или 494 контейнера, из них сформировано восемь организованных маршрутов. За аналогичный период 2024 года погрузка комбикорма не производилась.

– Мы увеличиваем как перечень перевозимой номенклатуры, так и сами объемы контейнерных перевозок, – говорит Кенес Дюсекеев. – И этот прогресс по всем направлениям продолжается у нас от месяца к месяцу, от года к году. И, как мы твердо уверены, будет продолжаться и в будущем.

НЕ ОБОШЛОСЬ БЕЗ БЕДЫ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



На станции Павлодар мужчина погиб под колесами поезда. Несчастье произошло за Кутузовским мостом.

Вызов за медицинской помощью поступил в восемь вечера. Спасти пострадавшего не удалось, он получил травмы несовместимые с жизнью. Мужчина оказался под поездом в районе моста, который ведет в трамвайное депо.

В линейном отделе полиции на станции Павлодар сообщили о возбуждении уголовного дела по факту нарушения правил безопасности движения и эксплуатации железнодорожного транспорта, повлекшее по неосторожности смерть человека. Назначена судебно-медицинская экспертиза.

– Отправили письма в адрес ВЖДО и ЛОП о ужесточении контроля на железнодорожных путях в отношении посторонних лиц. На технических мероприятиях будем разбирать этот случай с сотрудниками стальной магистрали. Совместно с ЛОП увеличим число разьяснительных рейдов и бесед в целях профилактики травматизма. Каждые три часа дежурные по станции и паркам проводят оповещения по громкой связи обо всех перемещениях железнодорожного транспорта, в том числе при производстве маневровой работы, – рассказала главный специалист по безопасности движения станции Павлодар Татьяна Смаилова.

ЧИСТАЯ СТРАНА НАЧИНАЕТСЯ С НАС

Светлана МОГАЙ,
Караганда



На территории Карагандинского отделения грузовых перевозок прошел субботник в рамках акции «Таза Қазақстан».

Железнодорожники дружно вышли на мероприятие, чтобы привести в порядок близлежащие участки, а также убрать скопившийся за зиму мусор. В субботнике приняли участие железнодорожники Карагандинского отделения ГП и отделения магистральной сети. Девиз мероприятия: «Таза Қазақстан – чистая страна начинается с нас».

Вооружившись вениками, граблями и мешками, сотрудники двух отделений собирали ветки, камни, опавшие прошлогодние листья. Собранный в специальные тары мусор загружался в автотранспорт и вывозился на свалку.

По словам председателя Карагандинского отделения ОО «Казпрофтранс» Яхия Альмусина, подобные мероприятия направлены не только на экологическую культуру, но и на корпоративную составляющую работников важных железнодорожных структур.

Всего в субботней акции приняли участие более 500 человек. Своих коллег поддержали железнодорожники станций Карагандинского региона – Балхаш, Жезказган, Жарык, Акадыр, Майкудук, Нидды и другие.

Это далеко не разовое мероприятие по уборке территорий, акция продолжится и дальше с целью улучшения экологической ситуации в стране, повышения уровня экологической культуры населения и привлечения работников железнодорожных структур к вопросам окружающей среды.

Фото автора



ПЕРВАЯ ИЗ ПЕРВЫХ

68 лет исполнилось Почетному ветерану Костанайского железнодорожного региона, секретарю Костанайского регионального совета ветеранов железнодорожников Айжан Ахмадулиной.



Она – первый делегат от Костанайского региона I Учредительного съезда профсоюза железнодорожников и транспортных строителей Республики Казахстан, который состоялся 19-20 марта 1992 года в городе Алматы. Ее общий стаж работы на железнодорожном транспорте – 37 лет, из них 21 год она проработала на профсоюзной работе.

– В 1991 году с обретением Независимости Республики Казахстан изменилась система управления железнодорожным транспортом, в результате этого произошла реорганизация структуры профсоюзных органов отрасли. В Казахстане возникла необходимость создания своего профцентра железнодорожников и транспортных строителей. В январе 1992 года было проведено заседание организационного комитета представителей дорпрофсожа железных дорог по созыву учредительного съезда профсоюза, – вспоминает Айжан Ахмадулина.

Выступающие делегаты, в их числе – Айжан Ахмадулина, предлагали внести поправки в проект устава, чтобы улучшить материальное положение линейных работников, социальных льгот, повышение объема перевозок, обновление технической базы и т. д.

В таких насыщенных условиях работал съезд, на котором был принят профсоюзный устав.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЧЕЛЕНДЖЕ ҮН ҚОСТЫ



Шалқар станциясының теміржолшылары «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына қатысуда. Өрт сөндіру пойызының жеке құрамы өткен сенбіде станция аумағына санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізді.

Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің бастығы Әділ Құбаевтың айтуынша, жалпыхалықтық экологиялық челенджге ұжым бір ауыздан үн қосып, өрт оқиғаларының алдын алу мақсатында өткен жылдан қалған құраған шөптерді жинастырып жағып, айналаны тазартты. Сонымен қатар Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі тарапынан Шалқар өрт сөндіру пойызына практикалық сабақтар ұйымдастырылып, Ақтөбе НПОЖ инспекторы және өрт сөндіру пойызы бастығы кезекшілік өткізді.

Санитарлық тазалық жұмыстары



Ақтөбе-1, 2, Қандыағаш станцияларында да өтіп, ағаш-талдардың құраған бұталары кесілді, түтптері әктелді. Арықтар қоқыстардан тазартылып, магистральдық желі бойынан тұрғындар төгіп кететін тұрмыстық қалдықтар шығарылды.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

ОБЪЕДИНЯЮЩАЯ ТРАДИЦИЯ

Проведение весенних чистых четвергов – одна из главных железнодорожных традиций Акмолинского отделения грузовых перевозок. С наступлением теплых дней работники стальной магистрали приводят в порядок пути и полосы отвода, территории предприятий и железнодорожного вокзала, а также свои рабочие места.



Сигналом для начала экологической акции служит хорошая погода: если снег растаял, значит, можно браться за инструменты, перчатки и мешки. В этом году тепло пришло рано. Участие в чистом четверге приняло 648 человек (НОД-1 – 281, ДС Нур-Султан – 60, ВЧД – 120, ТЧЗ – 187).

Но прежде чем начать экологическое мероприятие, была проведена определенная работа, в рамках которой руководители подразделений определили фронт работ, закрепили за отдельными сотрудниками конкретные участки.

В течение нескольких часов трудовые коллективы Акмолинского отделения ГП собрали и вывезли свыше 11 тонн мусора. Большая часть отходов – это прошлогодняя листва, сухостой и пластиковые бутылки. Также было побелено 213 стволов деревьев и 1 250 метров бордюра.

Проведение чистого четверга – это добрая традиция, и наш коллектив с удовольствием принимает в нем участие. Ведь работать в чистоте и порядке, а также видеть родное предприятие красивым и ухоженным – одна из важнейших задач. К тому же наше отделение грузовых перевозок является одним из крупнейших на железной дороге. Поэтому мы должны быть примером и для других, – убежден главный инженер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Сайран Баржаксин.

Руководство отделения ГП поблагодарило работников, которые охотно участвовали в призыве и внесли вклад в благоустройство. К слову, добрые мероприятия чистоты будут проведены еще не раз в будущем.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ
Фото автора

Ұлы Жеңіске – 80 жыл

Астана локомотив депосынан 120 адам соғысқа аттанып, көпшілігі қайта оралмаған. Депоның музейінде осынау қан майданда ерлікпен қаза тапқан жауынгерлер, соғыс және тыл ардагерлері туралы деректер жинақталған арнайы бұрыш бар.

СОҒЫС ТАРИХЫНАН СЫР ШЕРТКЕН

Паровоз тізгіндеп жүріп соғысқа кетіп, елге оралмағандарға музейге кіреберісте мемориалды ескерткіш орнатылған. Ал үш залдан тұратын шағын музейдің меңгерушісі, Құрметті теміржолшы Владимир Ульяновко мұндағы әрбір жәдігер тарихы туралы сағаттап сөйлеуге әзір. 50 жылдай осы депода еңбек еткен ол бүгінде музей жұмысын жүргізіп, әрбір құнды заттарды көздің қарашығындай сақтап отыр. Суреттері ілулі тұрған соғыс ардагерлерінің көбін ол өзі көзімен көрген, әріптес болған.

– Екінші залда соғыс және тыл ардагерлерінің суреттері мен олардың марапаттары, деректері қойылған. Депода еңбек еткен Л.Ленц, И.Кутубаев, Е.Шаукунов, А.Меженный, В.Плаксин және

басқа да Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құжаттары музей төрінен орын алған. Олар майданда жастай кетіп, оралған соң зейнет жасына жеткенше осы депода еңбек етті. Бірқатары тылда жұмыс істеп, жеңісті жақындатуға атсалысты. Кіреберісте тұрған ескерткішті деполықтар өз күштерімен 1985 жылы Жеңістің 40 жылдығына арнап орнатты. Онда соғыста қаза тапқан 68 адамның есімі тасқа қашалып жазылған. Ал негізі деподан 120-дан астам адам соғысқа аттанған, олардың көбі машинистер болғандықтан, ұрыс даласында оқ пен оттың ортасында жүріп пойыздарды тасыған, – дейді В. Ульяновко.

Залда 9 стенд бар, оның екеуі Ұлы Отан соғысы және еңбек



ардагерлері тақырыбын қамтиды. Ардагерлер туралы мәліметтер, олардың марапаттары, құрмет грамоталары, орден-медалдары қойылған. Ал «1940-1950 жылдардағы Ақмола депосы» атты стендте соғыс жылдарындағы ішкі ресурстарды мобилизациялау жұмыстары туралы деректер берілген. Мұнда облыстық партия комитеті атынан депо ұжымына алғыс жарияланған газет қиындылары, түрлі құжаттар жинақталған.

Тағы бір стенд «Соғыс жылдарындағы Ақмола депосының теміржолшылары» аталады. Мұнда да соғыс кезіндегі машинистер мен слесарлардың «Бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен жанқияр еңбегі жайлы құнды

деректер қойылған. Солардың ішінде Кеңес одағының батыры Дмитрий Степанов жайлы арнайы стенд жасақталған. Екі жыл бұрын жөндеуден өткен музейге ардагерлердің ұрпақтары құнды жәдігерлер әкеп табыстап, олардың қатарын толықтыруға көмектеседі екен. «Кейде біздің ардагерлердің шетелдердегі ұрпақтары іздеп келеді. Өткен жылы Ислям Кутубаевтың Уфада тұратын ұлы баласымен музейге арнайы келіп, соғыс ардагерінің немересін атасы жайлы деректермен таныстырып, мәлімет бердік», – дейді В.Ульяненко.

Райхан РАХМЕТОВА

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ТЕПЛОВОЗ, ДРЕЗИНА И ДЕТСКИЕ МЕЧТЫ

В занимательное путешествие по предприятиям железной дороги Оскеменского региона отправились ученики одной из городских школ Усть-Каменогорска. Им представилась возможность узнать, чем занимаются разные службы, увидеть сразу много путевой техники в одном месте, проникнуть в святая святых связистов, потрогать руками корпус тепловоза, посмотреть своими глазами, как происходит отправка в поездку и медицинский осмотр локомотивных бригад.



Такой подарок для школьников 5-9-х классов средней общеобразовательной школы № 2 железнодорожного микрорайона «Защита» сделал профсоюз – для профессиональной ориентации, обучения основам безопасности и расширения кругозора. Первым предприятием, куда попали экскурсанты, стала Защитинская дистанция пути, о которой рассказал ее ведущий инженер по охране труда и технике безопасности, председатель профкома Берик Байкониоров. Дети узнали, чем занимается предприятие, зачем ему нужна снегоуборочная техника и как выглядит современная дрезина. Также они посетили рабочее место диспетчера пути, технический класс. На Защитинской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-28) ведущий инженер предприятия по охране труда и технике безопасности, промышленной безопасности и экологии ШЧ-28, председатель профкома Жанат Киякбаева рассказала школьникам, чем они занимаются, провела по кабинетам КИП СЦБ, где ремонтируют важное оборудование сигнализации, централизации и блокировки, КИП радио. Также детям показали учебный полигон.

А вот в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо юным экскурсантам сразу вручили сигнальные жилеты и защитные каски – для большего погружения в железнодорожную профессию. Начальник ПТО и председатель цехкома Шалкар Калмакаев, инструктор по буксовому узлу и автотормозам Нурлан Наурызбаев рассказали ребятам, что основная задача работников их предприятия – следить за исправностью пассажирских и грузовых вагонов.

В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо ребят, как старых знакомых, тепло встречали первые руководители предприятия, дежурные по депо, представители профсоюза. Старший дежурный по депо Андрей Скрыленков показал детям, как дежурные и нарядчики собирают локомотивные бригады в поездку, а начальник сектора охраны труда и экологии Канат Макашев продемонстрировал им новое оборудование для проведения медосмотра. После этого школьники попали в цех ТО-2 и узнали о его работе. В техклассе инструктор по обучению и цехком Медет Мекебаев продемонстрировал видеofilm о том, как правильно

и безопасно вести себя на железной дороге.

На станции Оскемен-1 ребята увидели, как формируются поезда, что составитель – одна из самых опасных железнодорожных профессий. Начальник станции Даулет Бибулов объяснил, чем занимается их предприятие, ответил на все интересующие детей вопросы.

– Это очень интересно. Мне понравилось, как проводят инструктажи и медосмотры, как в локомотивном депо бирки расставляли по расписанию. Интересно было посмотреть на снегоочистительную технику, – с готовностью рассказывал восьмиклассник Рашид Байбосунов.

Оказалось, что на экскурсии Рашид попал со своими сестрами Айлин и Жасмин, и она им тоже очень понравилась.

По словам представительницы Центрального совета ОО «Казпрофтранс» по Защитинскому узлу Айгуль Жайлаубаевой, идея организовать экскурсию пришла к ним еще во время благотворительной акции для детей из малообеспеченных и многодетных семей во время новогодних праздников.

Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск
Фото автора

ҚАЛАЛЫҚ СПАРТАКИАДАҒА ҚАТЫСТЫ



Жамбылдық теміржолшылардан құралған команда Жұмысшы мамандықтар жылына орай «Казфосфат» спорт кешенінде өткен «Еңбек жолы» атты Тараз қалалық спартакиадасына қатысып, жүлделі орын алды.



был» фосфор және «Минералды тыңайтқыштар» зауыты 1 және 2-орынды иеленді. Ал «Қазақстан темір жолы» құрамасы үздік үштікті түйіндеп, жүлделі 3-орынды еншіледі.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер диплом, медаль, кубок, бағалы сыйлықтармен және жалпыкомандалық есепте қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА, Жамбыл
Суретті түсірген автор

 ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ Бас редактор Дина Муздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Конаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Басылымның таралымы 11 415 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Жауапты хатшы Ерболат Тілеубергенов, тел.: +7 702 5795768 Кезекші редакторлар: Р. Рахметов, Р. Рахметова	Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбасу рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092 Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертay 8-777-498-31-61
			Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.